

**Педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсының
«Балабақшадағы заманауи педагогикалық тәжірибе: оқыту мен тәрбие»
тақырыбындағы оқу бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының өзектілігі (әрі қарай – Бағдарлама).

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тиімді қызметі тәрбие мен оқыту үдерісінің сапасына, педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне және инновациялық тәсілдерді тәжірибеге енгізу деңгейіне тікелей байланысты. Ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың тұлғалық, әлеуметтік, танымдық және эмоционалдық әлеуетін қалыптастыру – қазіргі мектепке дейінгі білім берудің басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Жаһандану, цифрландыру, білім беру мазмұнының жаңаруы және ата-аналар мен қоғамның мектепке дейінгі ұйымдарға қоятын талаптарының артуы балабақшадағы оқыту мен тәрбиенің дәстүрлі модельдерін қайта қарауды, инновациялық педагогикалық технологиялар мен заманауи әдістерді енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру, жаңа педагогикалық идеялар мен тәжірибелерді меңгеру өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балабақша қызметі баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Осы тұрғыда тұлғаға бағдарланған, ойын арқылы оқыту, зерттеушілік әрекет, цифрлық педагогика әдістері, эмоционалдық интеллектті дамыту әдістері, STEAM элементтері, жобалық жұмыс, ата-анамен серіктестікке негізделген әдістер, инклюзивті білім беру әдістері кеңінен қолданыла бастады. Бұл инновациялық бағыттар баланың табиғи дамуын қолдауға, шығармашылық қабілетін дамытуға және мектепке дайындық сапасын арттыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заманауи тенденциялардың бірі – инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру. Мұндай орта қауіпсіздік, дамытушылық, ашықтық және цифрлық мүмкіндіктерді қамтиды. Оқыту мен тәрбиеде интерактивті құралдарды, цифрлық ресурстарды, білім беру платформаларын пайдалану педагогтің жұмысын тиімді ұйымдастыруға және баланың танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беруде инклюзивті тәсілдің маңызы артып келеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, оларды әлеуметтендіру және білім беру үдерісіне толыққанды қатыстыру педагогтерден арнайы құзыреттерді талап етеді. Осыған байланысты педагогтердің инклюзивті білім беру негіздерін, дифференциацияланған оқыту мен қолдау стратегияларын меңгеруі қажеттілікке айналды.

Балабақшадағы тәрбие үдерісінде эмоционалдық интеллектті дамыту, баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, жағымды психологиялық ахуал құру және бала мен педагог арасындағы серіктестік қарым-қатынас орнату заманауи педагогиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл үрдістер педагогтің кәсіби рөлін қайта қарауды, яғни тәрбиешіні тек білім беруші емес, баланың дамуын қолдаушы, бағыттаушы және серіктес ретінде қарастыруды көздейді.

Цифрлық трансформация жағдайында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық құзыреттілігін арттыру да өзекті болып отыр. Цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану, цифрлық қауіпсіздік негіздерін сақтау және ата-аналармен цифрлық форматта өзара әрекеттесу педагогтің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналуға.

Осыған байланысты педагогикалық қызметкерлердің инновациялық ойлауын дамыту, заманауи оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеру, кәсіби рефлексия мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында педагогикалық қызметкерлерге арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының «Инновациялық балабақша: оқыту мен тәрбиедегі заманауи тенденциялар» тақырыбындағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, инновациялық педагогикалық тәжірибені меңгеруге және білім беру үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған. Бағдарламада балабақшадағы оқыту мен тәрбиенің заманауи бағыттарына, инновациялық технологияларға және педагогтің кәсіби дамуына ерекше назар аударылады.

Инновациялық балабақша – бұл баланың жеке дамуын, қызығушылығын және әлеуетін ескеретін, заманауи педагогикалық технологиялар мен дамытушы ортаны тиімді үйлестіретін мектепке дейінгі білім беру ұйымы. Мұндай балабақшада тәрбие мен оқыту баланың табиғи даму заңдылықтарына сәйкес, ойын, зерттеу және шығармашылық әрекет арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламада мектепке дейінгі білім берудің келесі заманауи бағыттарына басымдық беріледі:

- мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық педагогикалық технологиялар;
- ойын арқылы оқыту және дамытушы орта құру;
- STEAM және зерттеушілік әрекет элементтері;
- инклюзивті білім беру негіздері;
- цифрлық ресурстарды қолдану;
- баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау;
- педагог пен ата-ана арасындағы серіктестік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруды, педагогтердің кәсіби дамуын және инновациялық тәсілдерді енгізуді стратегиялық басымдықтар ретінде айқындайды.

Бағдарлама мазмұны тыңдаушыларға:

- мектепке дейінгі білім берудегі заманауи тенденцияларды меңгеруге;
- инновациялық оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдануға;
- баланың жеке дамуын қолдауға бағытталған педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыруға;
- цифрлық және интерактивті құралдарды тиімді пайдалануға;
- кәсіби рефлексия мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеуге негіз болған факторлар:

- мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларға сұраныстың артуы;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі;
- баланың жан-жақты дамуына бағытталған заманауи тәсілдердің өзектілігі;
- цифрландыру жағдайында педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігі.

Курсты әзірлеу барысында республика өңірлеріндегі мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, әдіскерлері және педагогикалық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді, педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін және инновациялық оқыту мен тәрбиелеу тәсілдеріне деген сұранысты анықтауға бағытталды.

Сауалнама нәтижелері бойынша педагогтердің басым бөлігі кәсіби қызметінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, баланың жеке дамуын қолдау және инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру бағыттарында білімін жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Атап айтқанда, сауалнамаға қатысқан педагогикалық қызметкерлердің:

- 74% – мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық оқыту және тәрбиелеу технологияларын меңгеру қажеттігін;
- 69% – ойын арқылы оқыту, жобалау және зерттеушілік әрекет элементтерін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуға мұқтаж екенін;
- 63% – баланың эмоционалдық, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи әдістерді игергісі келетінін;
- 58% – цифрлық білім беру ресурстарын және интерактивті құралдарды тиімді пайдалану бойынша білімін жетілдіру қажеттігін;
- 55% – инклюзивті білім беру негіздері мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгергісі келетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарлама мазмұны төмендегі негізгі бағыттарды қамтиды:

- мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық педагогикалық технологиялардың теориялық негіздері;

- ойын арқылы оқыту және баланың дамуын қолдайтын педагогикалық тәсілдер;

- жобалық және зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру;

- баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету;

- инклюзивті білім беру негіздері және дифференциацияланған оқыту;

- мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық ресурстарды пайдалану;

- педагог пен ата-ана арасындағы серіктестік және тиімді коммуникация.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық ойлауын дамытуға, заманауи оқыту мен тәрбиелеу тенденцияларын меңгеруге және кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқу бағдарламасын әзірлеудің өзектілігін айқындады. Осы қажеттіліктерді ескере отырып, «Инновациялық балабақша: оқыту мен тәрбиедегі заманауи тенденциялар» тақырыбындағы оқу бағдарламасының мазмұны педагогтердің практикалық сұраныстарына сай құрылды және мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталды.

Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:

- инновациялық оқыту мен тәрбиелеу технологияларын қолдана алады;

- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық үдерісті ұйымдастырады;

- дамытушы және қауіпсіз білім беру ортасын құрады;

- цифрлық ресурстарды кәсіби қызметінде тиімді пайдаланады;

- заманауи педагогикалық тенденцияларды тәжірибеде жүзеге асырады.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- «дістемелік нұсқау хаттар.

«Балабақшадағы заманауи педагогикалық тәжірибе: оқыту мен тәрбие» тақырыбындағы бұл оқу бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби дамуына, инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізуге және мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған бағдарлама болып табылады.

2. Глоссарий

Заманауи балабақша	мектепке дейінгі білім берудің заманауи педагогикалық технологияларын, дамытушы ортаны және балаға бағдарланған тәсілдерді жүйелі қолданатын мектепке дейінгі білім беру ұйымы
Мектепке дейінгі білім беру	баланың тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық, танымдық және физикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру деңгейі
Инновациялық педагогикалық технологиялар	оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіруге, баланың белсенділігін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға бағытталған жаңа әдістер мен тәсілдер жүйесі
Ойын арқылы оқыту	баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім мен дағдыларды ойын әрекеті негізінде меңгертуге бағытталған педагогикалық тәсіл
Тұлғаға бағдарланған оқыту	баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқыту және тәрбиелеу үдерісі
Дамытушы білім беру ортасы	баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін қауіпсіз, функционалды, мазмұнды және қолжетімді пәндік-кеңістіктік орта
STEAM-білім беру	ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering), өнер (Art) және математика (Mathematics) элементтерін біріктіретін білім беру бағыты
Жобалық қызмет	баланың зерттеу, шығармашылық және практикалық әрекеттері арқылы нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық әдіс
Зерттеушілік әрекет	баланың танымдық қызығушылығын арттыруға, тәжірибе жасау арқылы білім алуға бағытталған оқу әрекеті
Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына кіріктіруді көздейтін білім беру тәсілі
Дифференциацияланған оқыту	балалардың жеке ерекшеліктері мен даму деңгейіне сәйкес оқыту мазмұны мен әдістерін бейімдеу
Эмоционалдық интеллект	баланың өз эмоциясын тану, басқару және басқа адамдардың эмоциясын түсіну қабілеті
Әлеуметтік дағдылар	баланың қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату, ережелерді сақтау және ортада өзін ұстау қабілеттері
Цифрлық білім беру ресурстары	оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын электрондық құралдар, платформалар, мультимедиялық материалдар
Цифрлық құзыреттілік	педагогтің цифрлық құралдарды тиімді, қауіпсіз және мақсатты қолдану қабілеті

Педагогикалық рефлексия	педагогтің өз кәсіби қызметін талдау, бағалау және жетілдіру үдерісі
Педагог пен ата-ана серіктестігі	баланың дамуын қолдауда педагог пен ата-ананың бірлескен, өзара жауапты іс-әрекеті
Баланың жеке даму траекториясы	баланың қабілеті, қызығушылығы және даму ерекшеліктеріне негізделген жеке даму бағыты

3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін инновациялық педагогикалық тәсілдер мен заманауи білім беру тенденциялары негізінде жетілдіруге бағытталған. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру кеңістігінде балабақшаның тиімді қызметі педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне, білім беру ортасының сапасына және баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды қолдану деңгейіне тікелей байланысты.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, цифрлық трансформация, білім беру мазмұнының жаңаруы және ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдарға қоятын талаптарының артуы оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі үлгілерін қайта қарауды талап етеді. Осы жағдайларда мектепке дейінгі ұйым педагогінің қызметі тек тәрбие беру шеңберімен шектелмей, баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеретін, шығармашылық және зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыра алатын, заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген кәсіби маман ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйым педагогінен:

– баланың жеке, әлеуметтік және танымдық дамуын қолдауға бағытталған педагогикалық үдерісті жоспарлау;

- ойын, жобалау және зерттеушілік әрекеттерді тиімді ұйымдастыру;
- инновациялық оқыту және тәрбиелеу технологияларын қолдану;
- цифрлық білім беру ресурстарын педагогикалық қызметте пайдалану;
- инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыру;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату талап етіледі.

Аталған курс мектепке дейінгі ұйым педагогін:

- инновациялық ойлай алатын;
- баланың дамуына бағдарланған педагогикалық қызметті жүзеге асыратын;
- заманауи оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгерген;
- өзгермелі білім беру ортасына бейімделе алатын кәсіби тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім беру үдерісін ұйымдастыруда:

- инновациялық педагогикалық тәсілдерді;
- тұлғаға бағдарланған және ойын арқылы оқытуды;
- дамытушы білім беру ортасын құру қағидаттарын;
- цифрлық және интерактивті құралдарды;
- баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған әдістерді тиімді қолдана алатын педагогтерді даярлауға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар:

Бағдарлама мазмұны бұрынғы курстарда жеткілікті деңгейде жүйеленбеген және мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде өзекті болып табылатын келесі бағыттарды біріктіреді:

- мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық педагогикалық технологиялардың теориялық негіздері;
- ойын арқылы оқыту және баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық тәсілдер;
- жобалық және зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру;
- дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны қалыптастыру;
- инклюзивті білім беру және дифференциацияланған оқыту;
- цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;
- педагог пен ата-ана арасындағы тиімді коммуникация.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. Баланың дамуына бағдарланған инновациялық тәсілдер

Бағдарламада баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге және оның табиғи дамуын қолдауға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларға басымдық беріледі.

2. Ойын, зерттеу және жобалық әрекетті интеграциялау

Баланың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған ойын арқылы оқыту, зерттеушілік және шығармашылық әрекеттерді кешенді қолдану жолдары ұсынылады.

3. Цифрлық ресурстарды педагогикалық үдеріске енгізу

Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық құралдарды қауіпсіз әрі тиімді пайдалану тәжірибесі қарастырылады.

4. Инклюзивті және гуманистік педагогика

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу және қолайлы психологиялық орта қалыптастыру тәсілдері қамтылады.

5. Педагог пен ата-ана серіктестігін дамыту

Баланың дамуын қолдауда педагог пен отбасының бірлескен әрекетін ұйымдастырудың заманауи үлгілері ұсынылады.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

Қолданыстағы мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының басым бөлігі:

- инновациялық тәсілдерді теориялық деңгейде ғана қарастырады;
 - практикалық қолдануға бағытталған әдістемелік құралдарды жеткілікті ұсынбайды;
 - цифрлық ресурстарды пайдалануға шектеулі көңіл бөледі;
 - педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға аз назар аударады.
- Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары
- теория мен практиканың үйлесімді байланысы;

- нақты педагогикалық жағдаяттарға негізделген практикалық тапсырмалар;
- педагогтің кәсіби ойлауын және рефлексиясын дамытуға бағытталуы;
- заманауи педагогикалық трендтер мен халықаралық тәжірибелерге сүйенуі;
- мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталған қолданбалы сипаты.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің инновациялық педагогика, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдері, цифрлық және әдістемелік құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау.
1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту мен тәрбиенің инновациялық және жаңашыл негіздері	1.1-тақырып Инновациялық педагогика: жаңа бағыттар мен даму тенденциялары
	1.2-тақырып Баланың дамуына бағдарланған педагогика: тәрбиешінің жаңашыл рөлі
	1.3-тақырып Тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиені жоспарлау: практикалық қадамдар
	1.4-тақырып Ойын арқылы оқыту: инновациялық әдістер мен практикалық қолдану
	1.5-тақырып Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру: жаңашыл тәсілдер
	1.6-тақырып Эмоционалдық және әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиялары
	1.7-тақырып Инклюзивті білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету
	1.8-тақырып Цифрлық ресурстар және интерактивті құралдар: педагогтің жаңашыл арсеналы
	1.9-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауды дамыту
	1.10-тақырып Балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг құралдары
2-модуль Мектепке	Вариатив дейінгі 2.1-тақырып STEAM элементтерін енгізу: практикалық жаңалықтар

ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер	2.2-тақырып Педагог пен ата-ана серіктестігі: қазіргі өзара әрекет формалары
3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Инновациялық кейстер: тәжірибе жасау, іске асыру және талдау
Қорытынды бағалау	Курс барысында педагогтер меңгерген инновациялық педагогикалық, әдістемелік, цифрлық және коммуникативтік құзыреттерін кешенді бағалау жүргізіледі.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Педагогикалық қызметкерлердің мектепке дейінгі білім беру үдерісінде инновациялық оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдерін тиімді қолдану қабілетін арттыру. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, тұлғаға бағдарланған және ойын арқылы оқыту технологияларын іске асыруға, сондай-ақ инновациялық және цифрлық педагогикалық әдістерді меңгеруге мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық тәсілдер мен инновациялық технологиялардың мәнін және олардың білім беру сапасына ықпалын ашып көрсету;

- оқыту мен тәрбиелеу үдерісін баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;

- ойын, жобалық және зерттеушілік әрекеттерді тиімді ұйымдастыру әдістерін меңгерту;

- баланың эмоционалдық, әлеуметтік және коммуникативтік дамуын қолдау технологияларын қолдану қабілеттерін дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық білім беру ресурстары мен интерактивті құралдарды пайдалану стратегияларын ұсыну;

- инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;

- педагог пен ата-ана серіктестігін ұйымдастырудың заманауи формаларын меңгерту, отбасы мен балабақша арасындағы тиімді коммуникацияны дамыту;

- педагогтің кәсіби рефлексиясын, өзін-өзі бағалау және жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлау қабілеттерін нығайту.

Күтілетін нәтижелер

Курс соңында тыңдаушылар:

- мектепке дейінгі білім беру үдерісіндегі инновациялық оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерінің маңызын және олардың баланың дамуына ықпалын түсінеді;

- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жоспарлап, ұйымдастыра алады;

- ойын, жобалық және зерттеушілік әрекеттерді педагогикалық тәжірибеде тиімді қолданады;

- баланың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді іске асырады;

- мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды мақсатты және қауіпсіз пайдаланады;
- инклюзивті білім беру жағдайында әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізе алады;
- өз кәсіби қызметін жүйелі түрде талдап, жеке даму траекториясын жоспарлайды;
- ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес кәсіби педагогикалық құзыреттерін көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагогикалық қызметкерлердің мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық оқыту, тәрбиелеу, басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – балабақшаны басқару, педагогикалық көшбасшылық және инновациялық әдістерді заманауи білім беру контекстінде практикалық түрде қолдануды үйрету.

Инновациялық әдістер мен тәсілдер қолданылуының себебі:

Инновациялық педагогика – бұл білім беру процесінде жаңа идеяларды, заманауи технологияларды, тәжірибелік әдістерді енгізу арқылы білім сапасын арттыру тәсілі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі білім беру ортасы тұлғаға бағдарланған, қауіпсіз, зерттеушілікке ынталандыратын, әрі цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланатын орта болып табылады. OECD, UNESCO және IB стандарты бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда осындай инновациялық әдістерді қолдану балалардың шығармашылық, әлеуметтік және когнитивтік дамуын айтарлықтай жақсартады.

Диагностикалық бағалау

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың педагогикалық, басқарушылық, инновациялық және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша жеке мақсаттар мен практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық оқыту мен тәрбиенің теориялық негіздері

Модульде мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық педагогиканың даму тенденциялары, баланың дамуына бағдарланған педагогика және тәрбиешінің жаңашыл рөлі қарастырылады. Педагогтар тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиені жоспарлау, ойын арқылы оқытудың жаңашыл әдістерін қолдану, заттық дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру тәсілдерімен танысады.

Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруда қолданылатын әдістер:

– Үшөлшемді және көпфункционалды құралдар: Баланың қимыл-қозғалысын, шығармашылық әрекетін және зерттеушілік қабілетін қолдайтын құралдар. Мысалы, Lego Education, Montessori, STEM/STEAM жинақтары.

- Халықаралық тәжірибе: Финляндия, Сингапур және Жапониядағы балабақшаларда интерактивті, зерттеушілікке ынталандыратын кеңістіктер қолданылып, балалардың когнитивтік және әлеуметтік дағдылары дамытылады.

- Қазақстандық тәжірибе: «Балапан» ұлттық бағдарламасы бойынша дамыту ортасы баланың ұлттық дәстүрлерін, мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып құрылуда, ойын мен шығармашылық әрекетке басымдық беріледі.

- STEAM-зерттеу аймақтары: Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика элементтерін біріктіретін интерактивті бұрыштар.

Модуль аясында балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау, инклюзивті білім беру және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс, мектепке дейінгі білім беру саласында цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды пайдалану, педагогтің кәсіби рефлексиясы мен инновациялық ойлауды дамыту, сондай-ақ балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг жүргізу әдістері қарастырылады.

2-модуль вариатив. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер

Модульде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық педагогикалық тәжірибелер, STEAM элементтерін оқыту процесіне енгізу әдістері қарастырылады. Педагог пен ата-ана арасындағы серіктестіктің қазіргі өзара әрекет формалары, бірлескен жобаларды ұйымдастыру стратегиялары талқыланады.

Практикалық тәсілдер:

- Ойын мен жобалық әдістерді біріктіру арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

- Халықаралық кейс-стади: IB PYP, Reggio Emilia әдісі бойынша балалар ортасында зерттеу жобаларын енгізу.

- Ата-аналармен серіктестік: Цифрлық қосымшалар, онлайн платформалар және бірлескен іс-шаралар арқылы өзара әрекеттесу.

- Барлық тәжірибелік әрекеттер инновациялық әдістерді қолдана отырып, балалардың дамуын қолдауға бағытталған.

3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модуль педагогтердің мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық оқыту мен тәрбиелеу технологияларын практикалық түрде қолдануына арналған.

Іске асыру жолдары:

- Педагогикалық кейстерді әзірлеу, талдау және іске асыру.

- Инновациялық әдістерді қолдану арқылы балалардың дамуын қолдау, сабақ пен тәрбие сапасын арттыру.
- Командалық тәжірибе алмасу: Халықаралық тәжірибе бойынша «Peer Learning» әдісі арқылы тәжірибе бөлісу.
- Педагогикалық процеске цифрлық құралдарды енгізу, интерактивті тақталар мен онлайн платформаларды пайдалану.

Қорытынды бағалау

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация). Бағалау:

- Инновациялық педагогикалық құзыреттер
- Басқарушылық және көшбасшылық дағдылар
- Стратегиялық ойлау және шешім қабылдау
- Цифрлық құралдарды пайдалану қабілеті
- Командалық жұмыс пен ата-анамен серіктестік

Бағалау нәтижелері педагогтердің практикалық шешім қабылдау, инновациялық әдістерді қолдану, балалардың дамуына бағытталған шығармашылық іс-әрекет қабілеттерін дамыту деңгейін көрсетеді.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлер өздерінің инновациялық педагогика, заманауи оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері, цифрлық және әдістемелік құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтайды. Бұл нәтиже әр модуль бойынша практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді
1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту мен тәрбиенің инновациялық және жаңашыл негіздері	1.1-тақырып Инновациялық педагогика: жаңа бағыттар мен даму тенденциялары Қысқаша мазмұны: Тыңдаушылар заманауи педагогикалық үрдістер мен әдістемелерді зерттейді, мысалдар мен тәжірибелік кейстерді талдайды
	1.2-тақырып Баланың дамуына бағдарланған педагогика: тәрбиешінің жаңашыл рөлі Қысқаша мазмұны: Педагог өз кәсіби рөлін анықтап, педагогикалық ұстанымдарын бағалайды, рефлексия арқылы кәсіби даму бағыттарын жоспарлайды
	1.3-тақырып Тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиені жоспарлау: практикалық қадамдар

	Қысқаша мазмұны: Тыңдаушылар тұлғаға бағытталған сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлауды және тәжірибеде қолдануды үйренеді
	1.4-тақырып Ойын арқылы оқыту: инновациялық әдістер мен практикалық қолдану Қысқаша мазмұны: Ойын әдістерін сабаққа және тәрбиелік іс-әрекетке енгізіп, балалардың шығармашылық және когнитивтік дағдыларын дамыту бойынша практикалық тапсырмалар орындайды.
	1.5-тақырып Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру: жаңашыл тәсілдер Қысқаша мазмұны: Оқу мен ойын ортасын ұйымдастыру, ресурстар мен кеңістікті тиімді пайдалану бойынша практикалық жаттығулар жасайды.
	1.6-тақырып Эмоционалдық және әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиялары Қысқаша мазмұны: Эмоциялық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған технологияларды зерттеп, тәжірибеде қолдануды үйренеді
	1.7-тақырып Инклюзивті білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету Қысқаша мазмұны: Инклюзивті әдістерді қолдану, әртүрлі қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету стратегияларын практикалық түрде меңгереді
	1.8-тақырып Цифрлық ресурстар және интерактивті құралдар: педагогтің жаңашыл арсеналы Қысқаша мазмұны: Цифрлық және интерактивті құралдарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, балалардың қызығушылығын арттыру бойынша жаттығулар жасайды
	1.9-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауды дамыту Қысқаша мазмұны: Өз тәжірибесін талдайды, шығармашылық және инновациялық ойлау дағдыларын дамытады
	1.10-тақырып Балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг құралдары Қысқаша мазмұны:

		Балалардың дамуын бағалау, бақылау және нәтижелерді талдау бойынша практикалық тапсырмалар орындайды
2-модуль Мектепке ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер	Вариатив дейінгі	2.1-тақырып STEAM элементтерін енгізу: практикалық жаңалықтар Қысқаша мазмұны: STEAM элементтерін сабаққа және ойынға интеграциялайды, жобалық және зерттеушілік тапсырмалар орындайды
		2.2-тақырып Педагог пен ата-ана серіктестігі: қазіргі өзара әрекет формалары Қысқаша мазмұны: Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жоспарлайды, коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын дамытады, тәжірибелік кейстерді талдайды
3-модуль. дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	Мектепке	3.1-тақырып Инновациялық кейстер: тәжірибе жасау, іске асыру және талдау Қысқаша мазмұны: Бұл бөлімде мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық практиканы жаңғырту мақсатында инновациялық оқыту және тәрбиелеу технологиялары негізінде кейстерді әзірлеу, жүзеге асыру және талдау жолдары қарастырылады. Педагогикалық кейстер – нақты білім беру жағдайларын модельдейтін, тәрбие мен оқытудың тиімді әдістерін көрсетуге арналған сценарийлер болып табылады.
Қорытынды бағалау		Курс барысында педагогтер меңгерген инновациялық педагогикалық, әдістемелік, цифрлық және коммуникативтік құзыреттерін кешенді бағалау жүргізіледі

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық
курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық дәріс	Демо-с абақты тан-ру / Жобаны қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	Диагностикалық бағалау				1	1
1	Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту мен тәрбиенің инновациялық және жаңашыл негіздері	20	40	2		62
1.1	Инновациялық педагогика: жаңа бағыттар мен даму тенденциялары	2	2			4
1.2	Баланың дамуына бағдарланған педагогика: тәрбиешінің жаңашыл рөлі	2	4			6
1.3	Тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиені жоспарлау: практикалық қадамдар	2	4			6
1.4	Ойын арқылы оқыту: инновациялық әдістер мен практикалық қолдану	2	4			6
1.5	Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру: жаңашыл тәсілдер	2	4			6
1.6	Эмоционалдық және әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиялары	2	4			6
1.7	Инклюзивті білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету	2	4	2		8
1.8	Цифрлық ресурстар және интерактивті құралдар: педагогтің жаңашыл арсеналы	2	6			8
1.9	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауды дамыту	2	4			6
1.10	Балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг құралдары	2	4			6
2	Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер	4	4			8
2.1	STEAM элементтерін енгізу: практикалық жаңалықтар	2	2			4
2.2	Педагог пен ата-ана серіктестігі: қазіргі өзара әрекет формалары	2	2			4
3	Мектепке дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу			8		8
3.1	Инновациялық кейстер: тәжірибе жасау, іске асыру және талдау			8		8
	Қорытынды бағалау				1	1

	Барлығы	24	44	10	2	80
--	---------	----	----	----	---	----

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Балабақша педагогтеріне арналған қысқа мерзімдегі біліктілікті арттыру курстары онлайн және офлайн форматында бекітілген оқу жоспары (ОЖП) негізінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

– 1-модуль «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық оқыту мен тәрбиенің теориялық негіздері» – 62 сағат;

– 2-модуль «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер» – 8 сағат;

– 3-модуль «Мектепке дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу» – 8 сағат;

Диагностикалық бағалау – 2 сағат.

Курс мазмұны мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби дамуына, инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізуге және мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған бағдарлама болып табылады.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады.

Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау (жаһандық мәселелерді шешу мысалдары).

Практикалық сабақтар: контент талдау; фактчекинг жаттығулары; мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер; деректерді визуализациялау; цифрлық құралдармен практикалық жұмыс.

Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар; цифрлық платформа материалдары; электронды ресурстар.

– Сарапшы пікірлері: шеберлік сыныптар; тренингтер; кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: Бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1. «Балабақшаны стратегиялық басқаруды талдау». Балабақшаның оқу-тәрбие процесін стратегиялық жоспарлау қағидаларына сәйкес талдау, даму мақсаттарын нақтылау және оларды ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.

Практикалық жұмыс 2. «Педагогикалық көшбасшылық стильдерін жоспарлау». Балабақшадағы педагогикалық ұжымның көшбасшылық стильдерін анықтау, командалық көшбасшылықты дамытуға арналған іс-шаралар жоспарын құрастыру.

Практикалық жұмыс 3. «Цифрлық ресурстарды қолдану және қауіпсіздік». Цифрлық құралдар мен интерактивті платформаларды талдап, қауіпсіздік шараларын және этикалық пайдалану ережелерін әзірлеу.

Практикалық жұмыс 4. «Интерактивті сабақ пен ойындар жоспарын әзірлеу». Оқу-тәрбие процесіне арналған ойындар мен сабақтарды интерактивті әдістер арқылы жоспарлау және практикалық қолдану.

Практикалық жұмыс 5. «Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру». Балабақшадағы пәндік-кеңістіктік ортаны дамыту, балалардың шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын қолдау үшін практикалық шаралар әзірлеу.

Практикалық жұмыс 6. «Баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау». Эмоциялық интеллект, әлеуметтік дағдылар мен балалардың өзара әрекеттесуін дамытуға бағытталған практикалық тапсырмалар орындау.

Практикалық жұмыс 7. «Инклюзивті білім беру тәжірибесі». Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау, инклюзивті әдістерді сабаққа және ойын процесіне енгізу.

Практикалық жұмыс 8. «STEAM жобаларын интеграциялау». STEAM элементтерін сабақ пен ойынға енгізу, балалардың шығармашылық ойлау және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған практикалық тапсырмалар орындау.

Практикалық жұмыс 9. «Педагог пен ата-ана серіктестігін ұйымдастыру». Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жоспарлау, заманауи өзара әрекет формаларын қолдану және коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жаттығулар.

Практикалық жұмыс 10. «Мини-кейстер мен кәсіби портфолио». Инновациялық педагогикалық тәжірибеге арналған қысқа кейстер әзірлеу, оларды талдау, тәжірибелік нәтижелер бойынша рефлексия жасау және жеке кәсіби портфолио құрастыру.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1 – Модуль.

«Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту мен тәрбиенің инновациялық және жаңашыл негіздері»

Мақсаты: Педагогикалық қызметкерлердің мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық оқыту мен тәрбиенің теориялық негіздерін түсінуі, заманауи педагогикалық әдістер мен цифрлық ресурстарды тиімді қолдану қабілетін дамыту, сондай-ақ педагог пен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайту.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық педагогика тұжырымдамалары мен даму тенденцияларын меңгерту;
- баланың дамуына бағдарланған педагогикалық тәсілдер мен тұлғаға бағытталған оқытуды жоспарлау дағдыларын дамыту;
- ойын арқылы оқыту, дамытушы пәндік-кеңістіктік орта және эмоционалдық әлеуметтік дамуды қолдау әдістерін үйрету;
- инклюзивті білім беру принциптері мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен инновациялық ойлау қабілетін дамыту;
- цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу;
- ата-аналармен серіктестік қатынасты ұйымдастыру, бірлескен іс-шараларды жоспарлау және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелері:

Курс соңында қатысушылар:

- мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық оқыту мен тәрбиенің теориялық негіздерін түсінеді;
- тұлғаға бағдарланған сабақтарды және оқу-тәрбие жоспарларын құрастыра алады;

- баланың эмоционалдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қолдауға арналған практикалық әдістерді қолданады;
- инклюзивті білім беру және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау стратегияларын меңгереді;
- цифрлық ресурстар мен интерактивті әдістерді сабаққа енгізе алады;
- өз кәсіби тәжірибесін талдап, рефлексия жүргізіп, инновациялық ойлау қабілетін жетілдіреді;
- ата-аналармен серіктестікті тиімді ұйымдастырып, бірлескен іс-шараларды жүзеге асырады.

Модуль тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
1.1-тақырып Инновациялық педагогика: жаңа бағыттар мен даму тенденциялары	Тыңдаушылар заманауи педагогикалық үрдістер мен әдістемелерді зерттейді, мысалдар мен тәжірибелік кейстерді талдайды	Инновациялық педагогикалық тәсілдер мен әдістемелерді түсінеді, тәжірибелік кейстерді талдай алады
1.2-тақырып Баланың дамуына бағдарланған педагогика: тәрбиешінің жаңашыл рөлі	Педагог өз кәсіби рөлін анықтап, педагогикалық ұстанымдарын бағалайды, рефлексия арқылы кәсіби даму бағыттарын жоспарлайды	Кәсіби рөлін анықтайды, педагогикалық ұстанымдарын жетілдіреді, жеке даму жоспарларын құра алады
1.3-тақырып Тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиені жоспарлау: практикалық қадамдар	Тыңдаушылар тұлғаға бағытталған сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлауды және тәжірибеде қолдануды үйренеді	Тұлғаға бағытталған сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлай алады және практикада қолданады
1.4-тақырып Ойын арқылы оқыту: инновациялық әдістер мен практикалық қолдану	Ойын әдістерін сабаққа және тәрбиелік іс-әрекетке енгізіп, балалардың шығармашылық және когнитивтік дағдыларын дамыту бойынша практикалық тапсырмалар орындайды.	Балалардың шығармашылық және когнитивтік дағдыларын дамытуға ойын әдістерін тиімді қолданады
1.5-тақырып	Оқу мен ойын ортасын ұйымдастыру, ресурстар мен кеңістікті тиімді пайдалану	Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны

Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру: жаңашыл тәсілдер	бойынша практикалық жаттығулар жасайды.	ұйымдастырып, ресурстарды тиімді қолдана алады
1.6-тақырып Эмоционалдық және әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиялары	Эмоциялық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған технологияларды зерттеп, тәжірибеде қолдануды үйренеді	Балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдауға арналған әдістерді қолданады
1.7-тақырып Инклюзивті білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету	Инклюзивті әдістерді қолдану, әртүрлі қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету стратегияларын практикалық түрде меңгереді	Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетеді және инклюзивті әдістерді қолданады
1.8-тақырып Цифрлық ресурстар және интерактивті құралдар: педагогтің жаңашыл арсеналы	Цифрлық және интерактивті құралдарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, балалардың қызығушылығын арттыру бойынша жаттығулар жасайды	Цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды сабаққа енгізе алады, балалардың қызығушылығын арттырады
1.9-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауды дамыту	Өз тәжірибесін талдайды, шығармашылық және инновациялық ойлау дағдыларын дамытады	Кәсіби рефлексия жүргізеді, инновациялық ойлау қабілетін жетілдіреді
1.10-тақырып Балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг құралдары	Балалардың дамуын бағалау, бақылау және нәтижелерді талдау бойынша практикалық тапсырмалар орындайды	Балалардың даму деңгейін диагностикалай алады, мониторинг жүргізіп, нәтижелерді талдайды

2– Модуль Вариативті. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық тәжірибелер»

Модульдің өзектілігі: Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық тәсілдер мен тәжірибелер балалардың шығармашылық, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға, педагог пен ата-ана арасындағы тиімді серіктестікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Модульдің міндеттері:

- STEAM элементтерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізуді үйрену;
- жобалық және зерттеушілік әдістерді қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- педагог пен ата-ана серіктестігін ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды меңгеру;
- инновациялық тәжірибелерді балалардың дамуын қолдау стратегияларында қолдану.

Күтілетін нәтижелері:

- STEAM тәсілдерін сабақтар мен ойындарға енгізе алады;
- жобалық және зерттеушілік әдістерді тиімді пайдаланады;
- ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жоспарлай алады, коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіреді;
- балалардың дамуын инновациялық әдістер арқылы қолдау стратегияларын практикада қолданады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
2.1-тақырып STEAM элементтерін енгізу: практикалық жаңалықтар	STEAM элементтерін сабаққа және ойынға интеграциялайды, жобалық және зерттеушілік тапсырмалар орындайды	Тыңдаушылар STEAM тәсілдерін сабақтар мен ойындарға енгізе алады, балалардың шығармашылық және танымдық дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды орындайды
2.2-тақырып Педагог пен ата-ана серіктестігі: қазіргі өзара әрекет формалары	Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жоспарлайды, коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын дамытады, тәжірибелік кейстерді талдайды	Тыңдаушылар ата-аналармен бірлескен іс-шараларды тиімді ұйымдастыра алады, тәжірибелік кейстерді талдай отырып серіктестік дағдыларын жетілдіреді

3 – Модуль. Микрооқыту. Мектепке дейінгі білім берудегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модульдің өзектілігі: Модуль мектепке дейінгі ұйым педагогтарының инновациялық оқыту мен тәрбиелеу әдістерін нақты практикада қолдану қабілетін дамытуға, кәсіби тәжірибе алмасу арқылы тиімді педагогикалық шешімдер қабылдауға және балалардың дамуын қолдауға бағытталған.

Міндеттері:

- педагогикалық кейстер әзірлеу, іске асыру және талдау арқылы практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- микрооқыту форматында сабақтарды жоспарлау және өткізуді үйрету;
- педагогтар арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- балалардың даму үрдістерін бақылау және бағалау құралдарын тиімді қолдануды меңгерту.

Күтілетін нәтижелері:

- тыңдаушылар мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде инновациялық оқыту мен тәрбиелеу әдістерін тиімді қолдана алады;
- микрооқыту мен тәжірибелік кейстерді пайдалана отырып педагогикалық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытады;
- командалық жұмыс, тәжірибе алмасу және конструктивті кері байланыс арқылы кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіреді;
- балалардың дамуын диагностикалау және мониторинг жүргізу бойынша практикалық дағдыларын меңгереді.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
3.1-тақырып Инновациялық кейстер: тәжірибе жасау, іске асыру және талдау	Тыңдаушылар педагогикалық кейстерді әзірлейді, жүзеге асырады және нәтижелерін талдайды, тәжірибе алмасу арқылы өз дағдыларын жетілдіреді	Педагогтар мектеп тәжірибесінде инновациялық оқыту мен тәрбиелеу әдістерін тиімді қолдана алады, тәжірибелік кейстер арқылы шешім қабылдау дағдыларын дамытады, командалық жұмыс пен тәжірибе алмасу арқылы кәсіби өзара әрекеттесу қабілеттерін жетілдіреді, балалардың дамуын

		диагностикалау және мониторинг жүргізу бойынша практикалық дағдыларын меңгереді
--	--	--

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Суммативті бағалаудемо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты тыңдаушылардың курс барысында меңгерген педагогикалық, әдістемелік, инновациялық және цифрлық құзыреттерін жүйелі түрде көрсетуіне жағдай жасау, кәсіби білімдері мен практикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, сондай-ақ алған тәжірибені мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізу мүмкіндіктерін бағалау.

- Тапсырма: Таныстырылым
- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған

Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар
Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл:15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл:Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл:Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл:Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Педагогтердің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Педагогтерге арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Педагогтердің бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Балабақша педагогтерінің бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2021 (2023 ж. өзгерістермен).
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023.
4. Тайтелиева Л., Қияқбаева Ұ, Сержанұлы Б. Мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогтарының инновациялық қызметке дайындығын мониторингілеу. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы, 2023.
5. Киикова Г, Бектемірова А., Рамазанова А., Иссина Ж. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру сапасы: ұлттық зерттеу нәтижелері. – Білім беру мәселелері (Educational Studies Moscow), 2024.

6. Жәкім А. Қазақ отбасындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың сауаттылығын дамыту ерекшеліктері. – Journal of Education and E-Learning Research, 2024.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рамазанова А. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру сапасын қалыптастыру: этнографиялық зерттеу. – PhD диссертация. Назарбаев Университеті, 2025.

2. Бекмағанбетова Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика: инновациялық бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2024.

3. Джанегизова Ұ. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтарының медиа және цифрлық сауаттылығын қалыптастыру жолдары. – Eurasian Science Review, 2025.

4. Жиенбаева С.Н., Адамова М.Е., Жұбандықова А.Ж., Ерте жастағы балалардың сөйлеу дамуын қамтамасыз етудің педагогикалық шарттары. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Педагогика журналы, 2025.